

Арал ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын, тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2019 жылғы 4 мамырдағы № 251 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 15 мамырда № 6790 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 2021 жылғы 29 сәуірдегі № 50 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Арал аудандық мәслихатының 29.04.2021 № 50 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 9 қаңтардағы кодексінің 19-1 бабының 1), 2) тармақшаларына және "Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 50-бабына сәйкес Арал аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Арал ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары осы шешімнің 1- қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Арал ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің 2 - қосымшасына сәйкес бекітілсін

3. "Арал ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды әкету тарифін бекіту туралы" Арал аудандық мәслихатының 2014 жылғы 11 сәуірдегі № 159 шешімінің (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 4666 болып тіркелген, "Толқын" газетінде 2014 жылы 21 мамырда жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

4. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Арал аудандық мәслихатының
кезектен тыс қырық үшінші
сессиясының төрағасы,
Арал аудандық мәслихатының
хатшысы*

Д. Мадиев

Арал аудандық мәслихатының 2019 жылғы
"4" мамырдағы №251 шешіміне 1-
қосымша

Арал ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормалары

№	Коммуналдық қалдықтар жинақталатын объектілер	Есептік бірлік	1 есептік бірлікке жылдық нормасы, текше метр
1	Жайлы емес үйлер	1 тұрғын	0,65
2	Қонақ үйлер	1 орын	0,70
3	Балабақшалар, бөбекжайлар	1 орын	0,36
4	Мекемелер, ұйымдар, офистер, кеңселер, жинақбанктері, байланыс бөлімшелері	1 қызметкер	0,89
5	Емханалар	1 келіп кету	0,0002
6	Ауруханалар, өзге де емдеу-сауықтыру мекемелері	1 төсек-орын	1,29
7	Мектептер және өзге де оқу орындары	1 оқушы	0,13
8	Мейрамханалар, дәмханалар, қоғамдық тамақтану мекемелері	1 отыратын орын	1,29
9	Театр, кинотеатр, концерт залдары	1 отыратын орын	0,18
10	Музейлер	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,03
11	Стадион, спорт алаңдары	жоба бойынша 1 орын	0,03
12	Спорт, би және ойын залдары	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,07
13	Азық-түлік, өнеркәсіптік тауар дүкендері, супермаркеттер	сауда алаңы 1 шаршы метр	0,47
14	Базарлар, сауда павильондары, дүңгіршектер, сөрелер	сауда алаңы 1 шаршы метр	0,30
15	Азық-түлік тауарларының көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,09
16	Өнеркәсіптік тауарлардың көтерме базалары, қоймалары	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,05
17	Вокзал, автовокзал	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,23
18	Дәріханалар	сауда алаңы 1 шаршы метр	0,25
19	Автотұрақтар, автомобильді жуу орындары, автожанармай құю станциялары, гараждар	1 машина-орын	1,67
20	Автомобиль шеберханалары	1 жұмысшы	1,34
21	Шаштараздар, косметикалық салондар	1 жұмыс орны	1,17
22	Кір жуатын орындар, химиялық тазалау орындары, тұрмыстық техниканы жөндеу орындары, тігін ательесі	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,13
23	Зергерлік, аяқ киімді, сағаттарды жөндеу шеберханалары	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,43
24	Ұсақ жөндеу және қызмет көрсету орындары (кілттер жасау және тағы да басқалар)	1 жұмыс орны	2,33

25	Моншалар, сауналар	жалпы алаңы 1 шаршы метр	0,11
----	--------------------	--------------------------	------

Арал аудандық мәслихатының 2019 жылғы
"4" мамырдағы №251 шешіміне 2-
қосымша

Арал ауданы бойынша тұрмыстық қатты қалдықтарды жинауға, әкетуге және көмуге арналған тарифтер

№	Атауы	Есептік бірлік	Бағасы (ҚҚС қоса есептегенде) (теңге)
1	Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету және көму тарифі		
1.1.	үй иелігіне	айына 1 тұрғынға	100
		1 контейнерге (0,6 м3)	1 108
2	Тұрмыстық қатты қалдықтарды жинау, әкету және көму тарифі		
2.1.	тұрғындарға	1 текше метр	1 846
2.2.	шаруашылық субъектілеріне	1 текше метр	2 018
3	Тұрмыстық қатты қалдықтарды көму тарифі		
3.1.	тұрғындарға	1 текше метр	318
		1 тонна	1 589
3.2.	шаруашылық субъектілеріне	1 текше метр	490
		1 тонна	2 449

Ескерту: ҚҚС-қосымша құн салығы